

**ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлімінің
2020 жылғы I тоқсандағы қызметі туралы есеп**

РҚББОӘО қызметінің мақсаты: балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік құқықтық, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және эксперттік қолдау құралдары арқылы сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

РҚББОӘО міндеттері:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балаларға қосымша білім беру арқылы оқушылардың бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының адамгершілік құндылықтарын және қосымша білім беру арқылы салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

2) балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, зияткерлік, адамгершілік, физикалық дамуындағы олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, балалар мен жасөспірімдерді қоғамда өмір сүруге әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету;

3) бағыттар бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту: көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру-сауықтыру және басқалары;

4) курстардың білім беру бағдарламаларының жаңартылған мазмұнына сәйкес балаларға қосымша білім беру педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу сапасын қамтамасыз ету;

5) қосымша білім беру бағыттары бойынша республикалық (аудандық, қалалық, облыстық) іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу сапасын арттыру.

I. Ұйымдастырылды және өткізілді:

1) **ҚР БҒМ БҚКК тапсырысы бойынша** «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында **2020 жылғы 23 қаңтар-28 ақпан аралығында** қашықтықтан өткізілген «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауы.

2) Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың **68 педагог қызметкерлеріне** арналған **2 қысқа мерзімді курстар** (40 сағаттық).

ZOOM платформасында ҚББ педагогтерімен вебинарлар өткізілді

1) «Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы балалар қозғалысының жұмысын тиімді ұйымдастыру: проблемалары және шешу жолдары» 14.04.2020 жылғы сағ. 16.00;

2) «Қосымша білім беру ұйымдарында үйірмелерді қашықтан жүргізу мүмкіндіктері» 16.04.2020 жылғы сағ. 11.00.

II. Әзірленді:

«Қосымша білім және тәрбие» электронды форматта педагогтерге арналған ғылыми-әдістемелік журналы (№ 1 нөмір, 2020 жылғы наурыз).

III. РҚББОӨО www.ziyatker.org сайтта **11** интернет-байқаулары қашықтықтан ұйымдастырылып, өткізілді, оған **2049** адам қатысты, оның ішінде **1264** жеңімпаз.

Балалардың қызығушылық бойынша «Жұлдыз», «Ерлік», «Балалife» электронды клубтардың контенті үнемі толықтырылып отырады.

Қосымша

2020 жылғы 22 қаңтардағы № 1 Шарт талаптарын орындау мақсатында «Ризашылық – қайырымдылық бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының аясында республикалық іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді:

1. 2020 жылғы 23 қаңтар мен 28 ақпан аралығында – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қатысуымен «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауы www.ziyatker.org сайтта қашықтықтан өткізілді. Қатысушылар саны - **1903**, жеңімпаздар саны - **1183**;

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бейнелеу қызметі, сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығындағы шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметтерін ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік бейімдеу.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог қызметкерлерінің білімін жаңарту және кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру үшін жағдай жасау мақсатында бюджеттен тыс 2 біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылып, өткізілді (68 тыңдаушы).

1) «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтардың, сыныптар мен топтардың білім беру процесіндегі STEM технологиялары», 2020 жылғы 5-8 қаңтар, Нұр-Сұлтан қаласы. Тыңдаушылар саны – 38 адам;

2) «Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстың заманауи технологиялары мен модельдері», 2020 жылғы 11-14 ақпан, Өскемен қаласы. Тыңдаушылар саны – 30 адам.

2020 жылғы I тоқсанда қашықтықтан өткізілген республикалық интернет-байқаулардың тізбесі

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы **«Мен өз құқығым мен міндеттерімді бейнелеймін»** республикалық интернет-байқауы – 2019 жылғы 11 желтоқсан - 2020 жылғы 18 ақпан.

Мақсаты: өз елі үшін мақтаныш, патриоттық, азаматтық сезімдерін тәрбиелеу. Барлық қатысушылар – 2, жеңімпаздар – 1.

2. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Менің арманым»** республикалық интернет-байқауы - 2019 жылғы 11 желтоқсан - 2020 жылғы 31 қаңтар.

Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту. Барлық қатысушылар – 25, жеңімпаздар – 17.

3. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Кітапханалық калейдоскоп»** республикалық интернет – байқауы – 2019 жылғы 3 желтоқсан - 2020 жылғы 28 қаңтар.

Мақсаты: білім алушыларды шығармашылық қыметке тарту, әдеби қабілеттерін, көркем талғамын және әсемдікті тануға деген қажеттілігін дамыту. Барлық қатысушылар – 18, жеңімпаздар – 8.

4. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Менің Отаныма – 10 игілікті іс»** республикалық интернет-байқауы – 2019 жылғы 13 желтоқсан – 2020 жылғы 14 ақпан.

Мақсаты: дарынды балаларды анықтау және қолдау, білім алушылардың азаматтық санасы мен әлеуметтік бастамаларын қалыптастыру. Барлық қатысушылар – 26, жеңімпаздар – 5.

5. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Ғарыштық одиссея»** республикалық интернет-байқауы – 2019 жылғы 6 желтоқсан – 2020 жылғы 7 ақпан.

Мақсаты: астрономияны зерттеуге қызығушылықты ынталандыру. Барлық қатысушылар – 37, жеңімпаздар – 23.

6. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы қашықтықтан өткізілетін **«Спор – балалар көзімен»** республикалық комикстер интернет-байқауы – 2019 жылғы 12 желтоқсан – 2020 жылғы 24 ақпан. Байқауға жұмыс түспегендіктен байқау жабылмады. Барлық қатысушылар – 0.

7. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Ана деген сиқырлы сөз!»** республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 27 қаңтар – 5 наурыз.

Мақсаты: балалар мен жастардың өздігінен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, жас ұрпақ арасында шығармашылық белсенділікті дамытуға ынталандыру. Барлық қатысушылар – 6, жеңімпаздар – 6.

8. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, сондай-ақ педагогтердің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...»** республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 29 қаңтар – 16 наурыз.

Мақсаты - адамгершілік құндылықтарды, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, олардың танымдық және

шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Барлық қатысушылар – 25, жеңімпаздар – 17.

9. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтарының арасында қашықтықтан өткізілетін **«Балаларға арналған жүрек»** республикалық байқауы – 2020 жылғы 5 қаңтар – 31 наурыз.

Мақсаты: каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтардың қозғалысына қолдау көрсету және дамыту. Барлық қатысушылар – 7, жеңімпаздар – 4.

10. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлердің, сондай-ақ педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның студенттерінің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Үздік педагогикалық жасақ - 2019»** республикалық байқауы – 2020 жылғы 5 қаңтар – 30 сәуір.

Мақсаты: педагогикалық жасақтардың кәсіби шеберлік деңгейін арттыру, жұмыс тәжірибесімен алмасу және тарату, педагогикалық мамандықтың беделін арттыру үшін жағдай жасау.

II-жартыжылдыққа арналған қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқаулардың тізбесі

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін **«Соғыс тарихы - отбасымның өмірінде»** тақырыбындағы республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 5 мамыр.

Мақсаты - білім алушылардың зерттеушілік және зияткерлік әлеуетін дамыту.

2. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін **«Менің әкем – ең жақсы!»** республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 8 мамыр.

Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды жандандыру.

3. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, сондай-ақ педагогтердің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Жақындарыма хат»** республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 12 мамыр.

Мақсаты: білім алушыларға патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыстарды жандандыру және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында қашықтықтан өткізілетін **«Үздік тәрбиеші - 2020»** республикалық байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 13 мамыр.

Мақсаты – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, кәсіби қызметінде жоғары жетістіктері бар тәрбиешілерді ынталандыру.

5. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін **«Мейірім әлемді құтқарады!»** республикалық байқауы – 2020 жылғы 1 сәуір – 25 мамыр.

Мақсаты: балалардың шығармашылық және көркемдік қиялын дамыту, дарынды және талантты балаларды қолдау.

6. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, сондай-ақ педагогтердің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Көк байрағым»** республикалық интернет-байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 25 мамыр.

Мақсаты: дарынды балаларды анықтау және қолдау, білім алушылардың азаматтық санасы мен әлеуметтік бастамаларын қалыптастыру.

7. Жалпы білім беретін мектептер, қосымша білім беру ұйымдары мен балалар сауықтыру лагерьлері тәлімгерлерінің арасында қашықтықтан өткізілетін **«Шуақты жаз - 2020»** республикалық байқауы – 2020 жылғы 10 наурыз – 29 маусым.

Мақсаты: жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жанжақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау.